

84(5квз)

Δ-14

Тынышбек
ДАЙРАБАЙ

**СЫР
ПЕРЗЕНТЕРІ**

84(5) Қаз
Δ - 14

ТЫНЫШБЕК ДАЙРАБАЙ

СЫР ПЕРЗЕНТТЕРІ

Недорогой сыр с высоким содержанием белка и низким содержанием жира. Сыр имеет приятный вкус, нежную текстуру и насыщенный аромат. Он идеально подходит для приготовления салатов, пирогов, пасты, а также для приготовления различных блюд из сыра. Сыр «Перзенттері» имеет отличное соотношение цена/качество.

а5



Алматы

2010

УДК 821.512.122

ББК 84 (5 Қаз)

Д 14


Дайрабай Тынышбек

Д 14 Сыр перзенттері/ Тынышбек Дайрабай. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010 – 616 бет, 48 бет жапсырма.

ISBN 978-601-291-020-9

Зерттеуші, ғалым, этнограф Тынышбек Дайрабайдың соңғы 4-5 жылғы мұрағат деректері мен сирек қолжазбалар арқылы дайындаған тарихи мақалалары, энциклопедияға енген дүниелері көптеген билер мен батырлардың мөрлерінің суреті берілген. Бұл кітаптан Сыр елінен шыққан тарихи тұлғалар мен ақын-жыраулар, қоғам қайраткерлер туралы мәліметтерді табуға болады.


Кітап қалың оқырманға арналған.



ISBN ISBN 978-601-291-020-9

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)ББК

© Дайрабай Т., 2010
© “Арыс” баспасы, 2010



1-ТАРАУ

ТҰҒЫРЛЫ ТҰЛҒАЛАР

ҰЛЫ СЫРДЫҢ АЗАМАТЫ

(Алғы сөз орнына)

Адамның мінез-құлқы оның өмірінің айнасы сияқты. Кер тартқан кежір мінездінің жолы да қырсық. Тәкаппар, кеуде қаққан менмендік те, болмашыға кебінген мақтаншақтық та адамға опа әпермейді.

Ал, жаймашуақ, қағылез, кішіпейіл, еңбекқор жандардың сөзі берекелі, ісі нәтижелі болатыны айдан анық. Т. Дайрабайды мен КазГУ-дың қабырғасынан білемін. Соншалықты сыпайы, қарапайым, озат, жедел мінезімен қофамдық жұмыстардың басы-қасында жүретін. Сол мінез, сол әдеті, әлі күнге дейін дүниенің жақсылықтарына балаша қуаныш, жылтыраған нәрсені іліп алғып журналистік, зерттеушілік, жазушылық қабілетпен құлпыртып жаза қоюға шебер.

Ұлы Сырдың бойы тұнып тұрған қазына. Қанша кісі зерттесе де таусылмас тағлым бар. Тынышбек сол мұрадан қаныш ішіп, артына өшпейтіндей сөз қалдыраған билер мен шешендердің, батырлар мен ақын-жыраулардың өмірі мен шығармаларын зерттеп, жазумен айналысып жүр.

Қаламгердің «Дүр Оңғар», «Тоғанас батыр», «Қаңлы Жұсіп», «Кете Шөмекей» шежіресі, «Тұғыры биік тұлға», «Сырдың сырлы сыры» атты еңбектері ұлттық әдеби мұрамызға қосылатын қажет дүниелер деп есептеймін. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, Сыр елі, Қорқыт ата энциклопедиясына енген еңбектері өз алдына бір төбе. «Сыр перзенттері» атты еңбегі бұрынғы шығармаларының жалғасы іспеттес.

Оқырман қауым Сыр елінің арғы-бергі тарихы мен қатар тұлғаларын, сүлейлердің жалғасын; елдің абырайлы азаматтырының жолы мен таныса алады. Жаңа кітапқа сәт-сапар демекпін.

*Куләш Ахметова
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ақын.*

Пірдің бірі – Мағзаман

Ауызша, кейбір жазбаша дерек көздерінде қазақ қауымында пірлердің ерекше роль атқарғаны айтылады. Сонау бізге жеткен Әзірет сұлтан, Бахауддин Нақышбандий, Мұсірәлі сопы-Әзиз, Бекет әулие, XVIII ғасырда Кіші жүздің біраз бөлігіне пір атанған Қосымқожаұлы Әбдужалил қожаның 1785 жылы Сырым батыр Датұлымен бірге 56 бидің Нұралы ханды тақтан түсіру жайлы ұсынған хатын бекіткеннің бірі жоғарыда аты аталған Әбдужалил мөрін басып, өзінің қазақ елінің пірі екенін құжатта жазған. Олай болса, Орта Азия халықтары арасында аса қасиетті, көріпкелдігі бар адамдар пір атанған. Пір деген сөз – парсы сөзі, араб тілінде ол – шейх дегенді білдіреді, қария, ислам орденінің басшысы деген мағынада қолданылған.

Кіші жүз, оның ішінде Әлім-Шемен тайпалары Ерсейітпенбет пен Мағзаманды өздерінің пірі деп танып, сол аймақтың тұрғындары күні бүгінге дейін оларды пір тұтып, бір Аллаға сыйынып, жалбарынып бала сұрайды. Мұндай фактілер жер-жерде жиі кездесетін оқигалар. Кейбір зерттеушілер Самарқандағы «Дағбид» қыстағындағы Жалаңтөстің пірі болған Мақтымағзам әулие мен Мағзаманды бір адам дейді. Әйткені Әйтке бидің замандасы Шемекей Айтқұл бастаған Аспандардан бастап, бүгінгі Қазалы, Қарақалпақ аймақтарда Аспандар өздерінің пірі ретінде Мағзаманды атайды. Бір кездерде Мақтымағзам аталса келе-келе Мағзаман аталуы да мүмкін ғой. Бұл тұрғыда Нұратада 40 мың тұтін Алшын бар деп жырлаған атақты жыrapay (1842-1911) Балқы Базардың «Сұм дүние» атты толғауында:

«...Бабай тұкті шашты Әзиз,
Ер Сейтпенбет, Мағзаман
Марал ишан, соғы Әзиз
Солардан да өткен сұм дүние,

– деп дүниеде мәңгілік өмірдің болмайтынын жырға қосса, Әлім Қарасақал Ерімбет (1844-1916) ақын:

«...Ей Алла, әмірің – парыз, дәдің қабыл,
Жан шіркін бір тынбай тұр алып өршіл.
Сақтай гөр малығұнның асуасынан,
Ер едің Мағзаманай, пірім камил!
Басшы едің жеті атама жол көрсеткен,
Қалияға Ибраһим атың шамил!

3-4 ғасырдан бері жұртшылық есінен шықпай сақталып келген қасиетті кісі Мағзаман. Оның есімінің бұлайша ұрпақтан-ұрпақ ауысып жетіп отыруы, біріншіден оның көріпкелдігі, табиғат тылсымда-

рын, жетік білетіндігінен, екіншіден дәрі-дәрмек жасап, ауруларды науқастан айықтырып, баласызға бала беретін қасиеті болғандығынан, үшіншіден Құран Кәрімді жетік оқып, оның уағыздарын берік орындарап, артына көптеген шәкірт қалдырғандығы болса керек.

Жалаңтөс баһадүр ұрпақтарына өсиет қалдырып, өзін Дағбидтегі Мақтым ағзам әулие сағанасының аяғына жерлеуді тапсырыпты. Бүгінде Жалаңтөстің қабірінің Мағзамағзам бейітінің қасында болуы, сол сөздерді растай түседі.

Тағы бір деректе Мағзаманды Тұрікпен қожа аталған Аңсаридан шыққан Арыстанбаптың ұрпағы делінеді. Ел аузындағы әңгімелерде Мағзаман Арыстанбаптың қызынан туғаны да айтылып жүр. Мағзаман – Тұрікпен қожа аталған. Әулиенің туған, қайтыс болған жылы да, жері де белгісіз. Алайда ел сыйлаған, қадірменді, қасиетті кісінің аты өшкен емес. Игі ниетті жастар, тіпті оның атын қайта жаңғыртуда қолға алуда.

Соңғы кездерде еліміздің аймақтарында мешіт, медресе салу және ислам дінін насихаттау жұмыстары жақсара түсті. Дегенмен, осы мешіт салып, осымен көрінгісі келетіндер де кездесіп қалып отыр. Әсіреле, бұл көріністер кәсіпкердің болмаса белгілі тұлғалардың өздері салдырған мешіттеріне дін жолын ұстамаған, қажылыққа бармаған әкелері мен бабаларының атын қою кезінде байқалып жүр.

Осынау шағын мақаламды жазуға тұрткі болған Қазалыдағы Сарбұлақ өнірінің түлегі Тоқсан Жаңабайұлының ата-қонысына мешіт үйін салуға кіріскені себеп болды. Бастан да ұйысқан, ауызбірлігі мол шаңырақтың ұрпақтары жаңа мешіттің құрылышын аяқтап, осы жылы жамағатқа тапсырмак. Тоқсан, Сексен бастаған жігіттердің басты бір ерекшелігі сол, бұл мешітті есімі Қазақстанға ғана емес, Орта Азия халықтарына белгілі, кезінде пір атанған Мағзаман әулиенің атын беруге тоқтамы деп есептеймін. Басқалардай өз әкесі немесе атасының атын беруге кеңес бергендерге, елге ең қасиетті, дін жолын ұстаған кісіге берейік деген ниетіне қуандық.

Мағзаман туралы атақты жырау Балқы Базар тағы бір өлеңінде:

...Қысылған кезде сыйынған,

Пірлерім едің қашаннан.

Ер Сейтбембет, Мағзаман,

Қосымқожа сабазым.

Не жазығым бар еді.

Осында тебіренбей.

Қысылған шақта дем бермей,

– деп өзіне Ер Сейтбембет пен Мағзаман әулиелерден әркез медет сұрап отырғанын жазады.

Жоғарыдажағанымыздай Мақтымағзамды Қожа Ахмет Иассаудің қызы Гаунардан туғызса, тағы бір деректе Мақтымағзаманның баласы Элисман Ақсақ Темірдің әскер басыларының бірі болғаны жазылған. Мақтымағзам мен Мағзаманды бір адам десек, ататек шежіреде қайшылықтар да кездеседі. Мағзаманнан бергі атаға, атадан балаға жеткен шежіреде Мағзаманнан – Ақназар – одан Есназар, Қосназар, Мақұл, Сұлтанай. Осы Сұлтанайдан (Сұлтансиық) – Нарқожа – одан Әбжәлқожа, Әбжәлқожадан Бәкір – одан Таспа, Таспадан Алмат, Алматтан – Нұрмахан, одан Дүниежүзіне белгілі жырау Алмас Алматов (1956) тарайды. Олай болса Мағзаман әулиеден күні бүгінгі үрпаққа дейін 12-14 атаны құрайды.

Ушінші бір деректе Әз Тәуkenің пір сайлауында Ұлы жұз Төле бидің ұсынысымен пір сайлауына Мағзаманның қатысқаны айтылады.

Нұрата бойын 1591-1600 жылдарда жайлаған 40 мың Алшынның біразы Шөмекей тайпасының Аспан руы болған. Сол кезеңде өмір сүрген Мағзаман әулие Аспан руының пірі болғандығы туралы ел аузындағы әңгімелерде айтылады. Қазалы-Қармақшы өңіріндегі Аспандар да өздерінің пірі Мағзаманды атап әлі күнге оның есімін қастерлеп ұстауда. Соныңайқынайғағындағы қазалылық азамат Тоқсан-Сексен бас болып, тарих қойнауына енген Мағзаман бабамыздың құрметіне мешіт салуда. Біз де өз тарапымыздан Мағзаман атындағы салынып жатқан мешіттің сол өңірдің бір өнегелі ошағы болса деген тілекпен және оқырмандарға Мағзаман әулиені таныстыру мақсатында осы деректерді ұсындық.

«Түркістан» газеті 12 наурыз, 2009 ж.

Айқожа – діни рух сепкен ғұлама

Айқожа есімі 200 жылдан бері ел аузында сақталып, оның жасаған керемет істері аңыз болып айтылып келеді. Кеңестік кезеңнің саясаты тұсындағы дінге қарсы қарес әрекеттеріне қарамастан Айқожа ишаның ислам діні жолындағы игілікті жұмыстары үрпақтан-үрпаққа жетіп, бүгінге үласқан.

Қасиетті, әулие атанған бабамыз Айқожа ишан Темірұлының есімі және ол жасаған ізгілікті істері XIX ғасырда шыққан бірсыпта кітаптарда аз-кем болса да айтылған. Мұның өзі Айқожа Темірқожа ұлының Перовскі мен Түркістан арасындағы елдерге қадірлі болғанын көрсетеді. Ол туралы орыс зерттеушілері мен түрлі мамандық иелерінің таңдана жазуы – біріншіден, Айқожа ишаның ел алдындағы беделі,abyroyы болса керек.

Айқожа ишаның көріпкелдігі, білім-тәлімі жайында көптеген азыз-әңгімелер бар. Соның бірінде Айқожаның Ауғанстанда оқып жүргендегі ұстазы, ғұлама Ислам Шайх шәкірттерінің бойындағы қасиеттерін байқамақ үшін, оларды алдына шақыртқаны айтылған. Бірсыныра шәкірттер ұстазының алдына кідірмей кіріп барғанда А. Темірқожаұлы табалдырықтан өтпей қалт тұрып қалыпты. Сонда Ислам Шайх бұл тұрысының есебін сұраған екен. Айқожа: «Табалдырықтың астындағы қасиетті затты басып өте алмадым», – деп жауап берген көрінеді. Сөйтсе ұстазы шәкірттерінің қабілет-қарымын сынау үшін табалдырық астына Құран Кәрімді жасырған екен. Ислам Шайх және өзге шәкірттер Айқожаның көріпкелдігіне таңданса қерек.

Бұрындары да Айқожа ишан туралы бірен-саран әңгіме айтылып жүрген. Алайда еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізген уақыттан бері Ислам діні хақында, Қазақ даласынан шыққан ғұламалар жайында кеңінен айтылып, жазыла бастады. Солардың бірі болып Айқожа ишан өмір жолы зерделене бастады.

Айқожа ишан Бұхарада, кейіннен Ауғанстанда оқып, терең білім алған. Ол туған топырағына қайта келіп, бабалары өмір сүрген Жаңақорған өніріне тұрақтайды. Осында мешіт, медресе ашып, балаларға ислам шуағын шашып, елді нұрландыра түседі. Айқожаның ел-жұрт алдындағы беделі зор болғанын онымен дос-жар болған кісілердің есімдерінен-ақ аңғаруға болады. Керей руынан шыққан атақты Марал ишан (1770-1853), қожадан шыққан Құлболды ишан, Мәделі, Майлықожа және Қоныраттың алты атасына ұранға айналған Көкен батыр да Айқожа ишанмен көңілдері жақын болған.

Айқожа Темірұлының өмір жолы хақында түрлі жазбаларда түрліше жазылып жүр. Айқожаны 1773 жылы Жаңақорған аумағында дүниеге келіп, осында 1857 жылы қайтыс болды деген дерек көбірек ұшырасады. 1891 жылы Ташкентте шыққан кітапта Айқожа ишаның есімі Перовскі мен Түркістан уезіне кеңінен жайылғандығын жаза отырып: «...Бұдан 30-35 жыл бұрын өмірден өткен Айқожа ишан Бірқазан мен Түркістан арасындағы елге (Қоныраттарға) діни басшылық жасаған» деп жазған. Демек осыдан 120 жыл бұрын жазылған осы сараң деректің өзінде Айқожа ишаның өз заманында білікті де, білімді ғұлама болғанын айғақтай түседі.

Атақты ғұламамен бір әңгімелесу үстінде шәкірттері: «Өмірінде нені орындаі алмадыңыз?», – деп сұраған екен. «Бойымдағы ақындығымды, палуандығымды, шабондоздығымды елге көрсете алмадым, бірақ оған еш өкінбеймін, өйткені мұсылман қауымға діни-ислам шапағын уағыздап өттім», – деп тебіренген екен ғұлама.

Айқожа ишан хақында көрнекті ғалым, профессор Әуелбек Қоңыратбаев жазған-ды. Ғалым Т.Қоңыратбаевтың 1996 жылы шыққан «Ертедегі ескерткіштер», 1998 жылы жарық көрген «Жаңарған Жаңақорған», Ш.Әшімұлының 2000 жылы жазылған «Сыр бойындағы әулиелер» атты кітаптарда оны 1773 жылы тудырып, 1856 жылы дүниeden оздырады. Ал енді бір деректе ишанды 1857 жылы қайтыс болды деп жазса, «Қазақстан ұлттық энциклопедиясы мен «Сыр елі» Қызылорда облысы энциклопедиясы (2006) Айқожа бабаны 1778 жылы туып, өмірден 1858 жылы озды деп жазған. Осы соңғы дерек дұрыс болуы ықтимал.

Айқожа ишан, біздіңше, 1858 жылы өзінің атымен аталатын жерде қайтыс болып, Ақтас қорымына жерленген. Осы аймақта Ортағасырда Ақтас ата атты діни әулие өмір сүріп, осы жерде шейіт болған көрінеді. Содан бері бұл жер Ақтас аталған. Айқожа ишанның үлкен баласы Ибадулла әкесінің басына 1880 жылы күмбезді кесене көтеріп, Ақтастағы «Айқожа» мешітін салдыրған. Айқожаның 18 баласынан бүгінде 400-ден аса отбасы бар. Ақтас мешітін Атақожа 1884 жылы қайта жөндеуден өткізеді. Осы мешітте 500-дей бала діни сауатын ашыпты.

Айқожа кесенесін бұхарлық Хамит деген ұста салыпты. Күмбезі шаршы пішіндес, ауданы 9x9 м, биіктігі 8 м, күйдірілген кірпіштен қаланған. Қабырғасы ою-өрнекпен көмкерілген. Күмбезде жарық түсетін 4 терезе салынған. Іргетасының биіктігі – 4 метр. 1989 жылы жергілікті халық асарлатып кесенені жөндесе, 2006-2007 жылдары респубикалық «Мәдени мұра» бағдарламасына еніп, күрделі жөндеуден өткізілген. Кесене және мешіт респубикалық тарихи және мәдени ескерткіштері есебіне алынып, мемлекеттің қорғауында.

«Қандай адам болса да жаманшылық ойлама, қолыңдан келсе жақсылық істе. Сонда өсесің, өнесің, көгересің», – деп Айқожа бабамыз артындағы ұрпақтарына өнегелі сөзін арнап кеткен.

«Түркістан» газеті 9 қазан, 2008 ж.

Қосымқожа діни қайраткерлердің ірісі

Әз Тәуке ханың жанында болып, Жеті жарғы заңын жазуға қатысқан қайраткер (үш жүздің пірі болған) Мұсірәлі соғы Әзиздің Мария атты әйелінен туған Қосымқожа есімі мен Қазақстан ғана емес, көршілес Өзбекстан, Қарақалпақстан елдерінде кереметі мен қасиеттері туралы азыз-әңгімелер кеңінен тараған. Әрине, айтылып жүрген азыздардың негізгі желісі бір-біріне ұқсас болғанмен,

оқиғалары, адам аттары, мән-мазмұны өзгешеу болып келеді. Ауызша таралып жеткендіктен бірде асырып, бірде кем айтылып жатын оқиғалардың орын алуы – ауыз әдебиетінің заңдылықтарының бірі. Қайта ол азыз-әңгімелер бірінде жоғын, екіншісі толықтырып тұрады.

Бірде Кіші жүздің бас би Әйтеке Мұсірәліге: «...Біздің еліміз төменде, ел жаққа жүрмейсіз бе? дегеніне Қосым атты кенже баласын Әйтекенің қарамағына жібереді. Міне сол уақыттан бері Қосым Әлім руының арасында болып, Әйтеке басқа да ел тұтқасын ұстаған азаматтармен бірге қол басқару ісіне араласады.

Кіші жүз, оның ішінде Әлім руының пірі болған Қосымның керемет киелі қасиеттері мен әулиелік істері ел арасына кеңінен тарайды. Оның әулиелігін білгісі келген нағашы-жиендері (сынағысы да келген болу керек) «шын әулие болсаң, кереметінді көрсетші» деп қоймаған соң, дұға оқып өздері отырған киіз үйдің іші суға толтырып, үйрек жүздіріпті. Тағы бір азызда ұрылар Қосымқожа ауылдының жылқыларын айдал әкетеді. Бірақ қалың тұман болып, адасып, қай бағытта келе жатқанын білменті. Таң ата қараса, кеше кешкілік жылқыны айдал шыққан жеріне қайтып келіпті. Күндіз жасырынып жатып, кешке тағы айдамақ болып барса, жылқылар түгел шошқа болып кетіпті, қорсылдап жөнге жүрмейді. Мұндайды көрмеген ұрылар «әулиенің жылқысын ұрлаймыз», – деп бастарына бейнет тілеп алғанын түсініпті. «Әулие баба, жолыңа боз қасқа», – деп кешірім сұрап жалбарынады. Мұны біліп отырған Қосым әулие де ұрылараға кешіріммен қарапты, деген сөздер бар. Қосымқожа Мұсірәліұлы хақында ел аузында бұлардан басқа азыз-әңгімелер көп-ақ.

Қосымқожа тарихын, оның қадір-қасиетін, болмысын көп зерттеген қармақшылық ұстаз, дін зерттеушісі, марқұм Сәден Нұртаев: «...Қосымқожа – мұһаддис адам. Оның қол дұғасы – қабыл. Ұлсызға – ұл, қызызға – қыз берген әулие баба» деп отыратын.

Бір кездесуде Сәден Нұртаев аға айтқан мына әңгіме есімде. Соғыстан кейінгі жылдарда (1945-1947) экспедиция мүшелері (ішінде бір шешен жігіті бар) Қосымқожа мешітінің төбесіндегі бөрене ағаштарды алып пайдаланғылары келеді. Орыс жігіттеріне шешен жігіт: «Тимендер, мешіттен алуға болмайды», – деп ол жерден кетіп қалыпты. Ал қалғандары болса, мешіттің төбесін бұзып, бөренелерді тиеп, Қазалыға қарай жол тартады. Жолай іштері тырысып, екі бүктеліп жүре алмайды, бәрі де қайтыс болыпты. Бертіндегі осы әңгімелердің өзінен-ақ Қосым бабаның кереметтей қасиетті кісі болғанын нақтылай түседі.

Қосымқожа Мұсірәліұлы хақындағы азыз-әңгімелер осылай өрбіп, қазақ-ресей қатынастары құжаттарында Қосымқожа және баласы Абдужәлел, ағасы Сауранбай туралы сирек те болса кездеседі. 1748 жылдың 21 қыркүйегінде Әбілхайыр ханның өліміне байланысты Нұралы сұлтан мен Бопай ханшаға көңіл айтуға барған оншақты бидің ішінде Қосымқожаның аты аталып, оның Керейіт руынан екенін де анық жазылған. Демек Қосымқожа бабамыздың өз кезеңіндегі ірі діни қайраткер болуымен қатар, ел ісіне араласқан қоғам қайраткері болғанын көрсетеді. Екіншіден, орыс офицері П.Н.Демезонның 1834 жылы Бұхара хандығына сапары кезіндегі жолжазбаларында: «...Біз 5-желтоқсанда Сырдария маңынан мұздың ұстімен өттік», – деп жазған. Сондай-ақ Әбілхайыр ханды өлтірген Барак сұлтанды тергеу, тексеру ісіне құрылған билер тобына кірген.

Қазалы уезіне қарасты құжаттардың бірінде (1899 ж.) жоғары жаққа жазған қатынас қағаздарында: «..Уезде қазақтардың аса құрметпен қарап, әулиелігіне тәнті адамдардың арасында есімдері ерекше аталатын Қосымқожа, Сейітпенбет, Қалқай ишандардың ұрпақтары орыс шенеуніктерінің өздері мойындал отырғандай өзгеден ерекше қасиеттері бар адамдардың бірі біз әңгімелеп отырған Қосымқожа.

Қосымқожа шамамен 1700-1780 жылдарда өмір сүрген. Пірлігімен қатар, елдің бірлігін сақтау күш салған қайраткер. Мұсірәлі Қосымқожалар хақында көптеген көрнекті ақындар өз жырларын арнаған. Шораяқтың Омары (1873-1924):

... Сол кезде Сопы, Марал өткен дәруіш,

Таратып, қайыр таппас халыққа бата, – десе Қосымқожаның тікелей ұрпағы Жарылқасынқожа (Аяған 1857-1905) Айымторымен айттысқанда:

...Арғы атамды сұрасаң Сүгірәлі,

Бергі атам онан туған Ыбырайым.

Өз атам Сырман сері, қарадан хан,

Пір тұтып, қол тапсырған талай адам.

Осындағы Сүгірәлі Қосымқожамен бір туған кісі.

Ерен қасиеттерімен ерекшеленген Оларды Керейт руына қоса Қожа атауын қосып Жәдік-Мұсірәлі ұрпақтарын «Керейтқожа» деп атайды. Қосымқожадан Әбдужәлел (Әбжал), Үшқыш, Арыстан, Сәдір, Арзықұл, Қожағұл туады. Бұлардың бәрі де дін жолын берік ұстаған, елге сөзін өткізген тұлғалар. Солардың арасында халық аузында, тарихи құжаттарда Әбдужәлел (Әбжәлел) пірдің есімі ерекше аталған. Ол шамамен 1725-1730 жылдарда туып, 1805-1806 жылдар шамасында қайтыс болған деген болжам бар.

1785 жылдың 21 шілдесінде Кіші жүз билері патшайым Екате-

рина-II-ге хат жазып, Кіші жүз ханы Нұралыны хандықтан босатуды үзілді-кесілді талап етіп, араларынан бес биді өкіл етіп, Орынбор генерал-губернаторына жібереді. Сол хатқа 50-ден астам би қолын қойған. Олардың қолдарын растап мөрлерін басқан батыр Сырым Датұлы және Кіші Жүз пірі Әбдүжелел.

Біз әңгімелеп отырған Қосымқожа оның арғы-бергі ұрпақтарының қазақ еліне рух сеуіп, мұсылмандықтың игі істерін бүгінге жеткізген бабалардың бірі.

Кейінгі жылдарда Қосымқожа баба бейіті жөндеуден өткізіліп, айналасы қоршалып, қамқорлыққа алынған. Қосымқожа қорымы аталып, сол қорымда замандасы Дәulet бақсы, Сартай батыр жерленген.

«Түркістан» газеті 28 қаңтар, 2010 ж.

Дәuletназар ахун

Дәuletназар Әбдіқадырұлы 1865-1866 жылдар шамасында туған. Бұхарадағы «Көкілташ» медресесін бітіріп, тоғыз жыл бойы ұстаздық етеді. Дәuletназарды Шөмекей руының бас биі Қалдан Талқанбайұлы Оразахун арқылы алдырып, алдына мал, жанына немересі Алуа атты қызды қалыңдыққа береді. Ауыл-елді ұйымдастырып қазіргі Жалағаш ауданындағы Аққыр ауылының (солтүстігіндегі Қаракөлде мешіт орны бар) маңынан 1897-1898 жылдары мөлшерінде мешіт салдырып береді.

Дәuletназар ахунның өз баласы Әбілхақ 1905 жылы туып, 1998 жылы қайтыс болған. Сарғасқа руынан Мырзабай Құлманов, Балқы Матай Фаниев тағы басқалар ірі дін өкілінің алдын көріп, сабак алған. Ахунның немересі Ә.Дәuletназаров көп жыл «Жалағаш» аудандық газетінде қызмет істеген. Бір ұрпағы «Айтбай» мешітінде қызмет атқаруда.

1929-30 жылдардағы колхоздастыру кезінде қудалауға ұшырап, Түркіменстанға қашып барып жүріп, сонда 1932 жылы қайтыс болады.

1964 жылы тыңдан қой совхоздары құралған алғашқы жылдарда Дәuletназар мешітінің маңын қазып жүрген трактордың шөмішіне ілініп шыққан құрым киіз арасынан арабша жазылған ескі кітаптар шыққан. Ахун кеңестік белсенділерден қорқып, кітаптарын жасырған екен. Мұны шәкірті Мырзабай Құлманов қария айтқан-ды.

Дәuletназар ахун хақында Сыр бойы ақын-жырауларының өлеңдерінде арнаған жыр-шумақтары бар. Солардың бірінде:

...Шамшадин, Мырзакең мен ақын Садық,

Қалжекең, Дәuletназар һәм Әлібай

Ақылдың даналары, міне, осылар, – деп жазады.

Қосқұлақұлы Әлібай ахун

Әлібай ахун Қосқұлақұлы 1835 жылы Сарықұмда (қазіргі Ақжар ауылының маңы) туған. Ол 9 жасынан бастап ауылдағы молдалардың алдын көреді. Оның зеректігін аңғарған Ораз ахун Хорезм қаласындағы Салқы ишанға хат жазып, окуға түсуіне көмектесіпті.

Жұртшылықтың қолдауымен Сарықұмда мешіт салынып, елдегі жастарға діни рух себеді. Кейіннен «Қаратөбеде мешіт үйі салынып, Әлібай ахун сонда имам болады. Алғашқыда шәкірттеріне өзі сабак берсе, кейін Бұхарадан оқып келген Әбдікәрім, Нияз молдалар сабак береді. Әлібай мешітінен тәлім алған шәкірттер ел басқарған, білікті де білімді кісілер болып шықты.

Әлібай ахун дін жолын берік ұстанған екен. Атақты Алматтың үлкен баласы Самыраты да ғұламалығы мен басын идіріпті деген ел ішінде сөздер қалыпты.

Әлібай ахун 1913 жылы Меккеге барып, қажылық парзызын өтеген. Ахун хақында мына өлең жолдары қалыпты:

... Қожакелді діндар адам Әлібай,
Ол барады жаман жолды танымай.

Тоқсанбай ахун

Тоқсанбай ахун Ескұлыұлы 1859-61 жылдары қазіргі Жалағаш ауданының Аққыр ауылы маңында туған. Бұхарадағы медреселердің бірінде оқыған. Ахунның әкесі елге сыйлы Адамбай Сарғасқаның белгілі адамы болса, анасы Керей Марал ишанның баласы Қалқай ишанның қызы Патима. Ол 1880-81 жылдарға дейін нағашылары маңында болып, молдалықпен айналысыпты. 1881-1886 жылдарда Адамбайларда, 1887-1920 жылдары Жәрімбет Сарғасқалар Құттыбай құмы маңынан мешіт салып береді, кейін Тоқсанбай ағайындар арасынан бөлініп, қазіргі «Жаңаталап» ауылы жеріндегі Құттыбай құмы етегіндегі мешітте діни сабак береді. Мешіті бұзылмаған. Бүгінде бұл жер Тоқсанбай аталады. Тоқсанбайдан Элиасқар, Әлішер, Әлжан (1900-1975) туады. Ұлы Элиасқар әке жолын қыуп, имам болса, Әлішер алғашқы мектеп мұғалімі, кейіннен жоғары оқу орнында оқып, Ташкент қаласындағы бір ауданың атқару комитеті төрағасы қызметін атқарған. Элиасқар, Әлішерден де ұрпақтар бар.

Тоқсанбай ахун 38 жыл ғана өмір сүрген. Бейіті өз атымен аталағын «Тоқсанбайда».

Мәдірайым ишан

М. Құлмағанбетұлы 1860 жылы қазіргі Қармақшы ауданының «Алдашбай ахун» ауылында туып, 1933 жылы Жаңажолда қайтыс болған. Бақсайыс қожа әuletінен тарайды. Ол он екі жасында Бұхара қаласына жол тартып, «Көкілташ» медресесіне оқуға түсуге ниеттегенді. Жас баланың талабы орындалып «Көкілташқа» түсіп, онда 12 жылдай оқып, оны бітірген соң елге келеді. Аздаған жыл Қараөзек бойындағы ауылдарда бала оқытады. Кейіннен Төрткүлге (қожа, төрелердің көбірек қоныстанған жері) келіп, ауылдастарының көмегімен мешіт үйін тұрғызады. Ол діни сауатты болуымен қатар, емшілік қасиеті болған. Көптеген адамдарды емдең жазған. Ел ішінде Мәдірайым ишан аталып, жұртшылықтың құрметіне бөленеді. Ол сонымен елдің бірлігін сақтауға араласып, елді ұйымдастырып, арық қаздырып, егін егуді бастаған. Ол қаздырған арық «Ишан» арығы деп аталып келеді.

Жерлестері 1991-1992 жылдары «Жаңажол» ауылы орталығынан мешіт үйін салып, мешітіне «Мәдірайым ишан» атын берді. Бүгінде Мәдірайым мешіті жас ұрпаққа рухани нұрын себуде, оларды имандылыққа тәрбиелеуде ерекше орын алатын жер болды. Ишанның ұрпақтары 1993 жылы Мәдірайым бейітін қайта жөндеуден өткізді. Мәдірайым ишанға Сыр сүлейлері жыр арнаған.

Сұлейменұлы Ыспан қари

Ыспан Сұлейменұлы 1877-1878 жылдарда қазіргі Қармақшы ауданының Бозарқаш елді мекенінде туған. Құранды елдегі белгілі ахундар мен ишандардан үйреніп, жатқа айтатын болған. Құран оқығанда жұртты еріксіз елітегін болыпты. Құран сүрелерінің бәрін жатқа айтатындықтан «Құран қари» атанған. Ақындығы бар кісі болыпты. Ыспан Сұлейменұлының 1930-1931 жылдарда «Тәуелібай» атанған елде ақын ағасы Тұрымбет Салқынбайұлы тұрып қалады. Қармақшыдан Ыспан қари ағасы Тұрымбетке бірнеше рет өлеңмен хат жазып, елге шақырып, оны елге қайтарады. Сондай-ақ 1918 жылғы Шәкей сал Дәуішқызының жұмбағын шешуге қатысып, өлеңмен жауап берген. Бұлардан басқа да ел ішінде Ыспан қари айтыпты, Ыспан қари өлеңдері деген әңгімелер қалған.

Ел ішінде діни ілім жайып отырған Ы.Сұлейменұлы Кеңес өкіметіне қарсы саясат жүргізді деген айыппен 1937 жылы ұсталып, тергеліп, 19 қарашада атылыпты.

Ыспан қари замандастары Тұрақ, Әбдікәрім молда, Тұрмағамбет Іztілеуұлымен сыйлас, пікірлес болған.

Алдашбайұлы Асан Мақсұм

Асан Алдашбайұлы – 1900 жылы қазіргі Қармақшы ауданының Алдашбай ахун ауылында туып, 1978 жылдың 28 ақпанында қазіргі Алдашбай ауылында қайтыс болады. Бейіті Қаратөбеке қойылған. Экесі Қарабазар Кете Алдашбай ахун Ерназарұлы оқымысты болған адам. Өз әкесінен оқып білім алған, әуелді қысқа өлең жазып жүреді де кейін толғау, арнау өлеңдер жазған. 1928 жылы ауылдас ақын ағасы Есенжол Сайқыұлымен айтысады.

1931-32 жылдары қудаланып Өзбекстанға өтеді. Ол жақта ұсталық, зергерлікпен айналысқан. Бұхара облысының Шәкіркен ауданында жасырынып та жүрген. Осында талай қыншылықтарды басынан өткізеді.

Асан Алдашбайұлы 1946 жылы Көкілташ медресесіндегі Шарифаддиннен дәріс алып, адам емдеуді үйренеді. Ауру кісінің ауруын дәл табатын кісі, бала көтермеген әйелдерді, шалыққан адамдарды, шыжың мен ауырғандарды емдел жазған.

А.Алдашбайұлы Өзбекстан жерінде қадірлі болды. 1940 жылы елді сағынып «Елге сәлем» деген өлең жазыпты. Асан 1969 жылы туған жерге оралған. Мақсұмның А.Тоқмағамбетов, М.Қаратаев, М.Байділдаев, Ә.Ахметов, тағы басқа ақындар мен ғалымдарға арнаған өлеңдері бар.

А.Алдашбайұлы 1946 жылдың желтоқсанында жеңіске өлең арнаған. 1975 жылы «Күлше» атты хикая, 1977 жылы Кенес елінің 60 жылдығына, «Балаларыма», «Қоштасу» тағы басқа өлеңдері М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қорында жинақталған.

Осы институттың шақыртуымен 1976 жылдың 5 мамырында Алматыға келіп, өз шығармаларын магнит таспасына (90 минуттық) шығармаларын, азыз-әңгімелерін жаздырған! Көне шежіре, Қазақ тарихына қатысты мәселелерді терең білетін қариялардың бірі болды.

Асан мақсұм балалары Мұталап, Мұнуар айтулы имам болған кісілер. Асан мақсұмның немересі Әнуарбек те өлең өрісінде жүрген азамат.

Жолай – Кетебай биден Аман, Алмасқа дейін...

Ел аузындағы бұдан 250-300 жыл бұрын өмір сүрген Жолай-Кетебай хақындағы әңгімелер бүгінде азызға айналған. Сол әңгімелердің бірінде Жолай және оның баласы Кетебайдың, Әбілхайыр ханның

замандастар, үзіңгілес серігі болғаны айтылады. Кіші жұз ханы болған Әбілхайыр небір, шешуі қын мәселелер туындай қалса Арыстанбай Айбасұлы мен Жолай Үрысымбет баласын жібереді екен. Тіпті олардың енгезердей ірі болғаны жайлы ұрпақтары айтып отыратын. Олармен бүгінгі 20-21 ғасырда өмір сүріп жатқан ұрпақтарының арасы 2-3 ғасыр алғып жатса да, Жолай, Шыбынтай, Кетебайлардың олардан кейінгі Өтетілеу, Пірәлі бидің баласы Аман, Алмас билердің (соңғы екеудің XIX ғасырдың соңғы, XX ғасырдың басында өмір сүрген) есімдері халық аузында айтылып, ақын-жыраулардың өлеңдеріне арқау болған. Сыр сүлейлерінің басы Балқы Базардан бастап, Шораяқтың Омары, Шегебай, дүлділ ақын Тұрмағамбет Ізтілеуұлы (Ізтілеуов) тағы басқалар арналы жырларын арнаған-ды. Мысалы Шегебай Бектасұлының (1844-1916) «Би батырларды жырлаймын» атты толғауында:

...Өтетілеу Кетебай,

Пірәлі, Тампыш, Сарытай,

Қамырдай халқын илеген, – деп жазып, аталған билердің ел билігін қолына ұстағанын мензейді. Осындағы есімдері аталған, Өтетілеу мен Пірәлі Кетебай бидің баласы мен немересі.

Кемел тұлға – Кетебай хақында

Тұрмағамбет Ізтілеуұлының 1888-1939 ж. (Ізтілеуов) бір өлеңінде мынадай жолдар бар.

...Өтетілеу, Талқанбай – Dana еді жұртты жөндеген.

Осындағы Өтетілеу Кетебай Жолайұлының баласы. Кетебайдың есімінен бұрын әкесі Жолай ағасы Шыбынтайдың аттары Әбілхайырдың ханшасы Бопай мен Нұралы сұлтанға қатысты 1748 жылдың 20 қарашасындағы құжаттарда Жәнібек тархан, Батырсұлтан кіші орданың кейбір белгілі адамдарын Шөмекей – Қаратамыр руынан Мәмбет аталық пен Тәтімбет батыр, Балқы руынан Байбек би, Декбатыр, Желдер бөлігінен (бұл кейде Сейін деп те аталады) Жәдік, Аман, Шыбынтай, Жолай –жасауыл бәрі де Шөмекейдің Бозғылынан тарайды деп жазылған. «Казахско-русские отношения в ХVІ-ХVІІІ веках» (Алматы, 1961, 433 б.).

1730-1750 жылдар шамасында билікке араласқан Жолай бабамыз бүгінде бір қауым елдің атасы аталып «Жолай» деген есім шежіре-ге аталық басы болып енген. Сонда Жолай шамамен 1690-1700 жылдарда туып, 1760-1763 жылдарда қайтыс болған сияқты. Жолайдың бір баласы Кетебайдың өзінен 15-тен астам ұлы болыпты. Олардан

қаншама үрпақ өсіп өнді. Қазақстан Республикасында ғана емес, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Иран, Пакистан, Түркия, Ауғанстан елдерінде Жолай-Кетебай үрпақтары кездеседі. Бұған әсте таңдануға болмас. 1916 жылғы орыс әскерінің тыл жұмысына Қазақтан адам алу, 1928-1930 жылдардағы ірі байларды тәркілеу, колхоздастыру, Қызылорда өніріндегі «Қаракұм», Ақмырзаға ишан көтерілісі кезінде көпшілігі – үдере көшіп, Өзбекстан, Тәжікстан арқылы жат елге өтіп кеткен.

Кетебай Жолайұлының есімі Ресей құжаттарында 1800-1803 жылдар-ақ жазылып, оған қатысты деректер сақталынған. Демек Кетебай шашамен 1740-1742 жылдарда өмірге келіп, 1813-1815 жыл шамасында өмірден озса керек.

Қазақстан тарихына қатысты материалдар (1785-1828 ж.ж.) атты кітаптың Москва – Ленинград баспасынан 1940 жылы шыққан IV томының 514 бетінде және «Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках» атты кітапқа да енген. Ол былайша жазылған: «...Сейін (Желдер) руының 4 бөлігінде 6 мың үй халқы бар, керуен тонайды, Бұхараны базарлап, сауда-саттық етеді. Баstryқтары Кетебай би, Корен батыр, Айтілес би, Жәрімбет би деген» – бұл сөздер жоғарыда аталған екі кітаптың да 514 бетінде анық жазылған. Академик Серғали Толыбеков «Кочевое общество казахов в начале XX века» деп аталатын кітабында: «...Подобным образом казахские бии и батыры управляли родовыми отделениями большого Шомекейского рода. Например, в начале XIX века Кетебай бий управлял первичным и многочисленным родом Бекет».

Ғалым жазғаныңдай Бекет аталығы өскен-өнген аталақтардың бірі. Бүгінде шамамен 500-600 шаңырақты құрайды.

Сейін (Желдер) елі жайлы «Сейін азбай ел азбайды, жусан азбай жер азбайды» деген қанатты сөздер ел аузында қалыптасқан. Орынбор әскери губернаторы князь Г.С.Волконскийдің арнайы тапсырмасы бойынша 1803-1805 жылдарында үш жүздің халық саны, тұратын мекені, баратын базары т.б. деректер жинауды Жаппас руының биі Көбек Шүкірәліұлы және Қазан татары Ғалы Шахмұратовқа жүктейді. Олар жоғарыдағы 4 би туралы жазған Кетебай би туралы бірінші дерек осы. Екінші бір құжаттан 1810 жылдың 18 қазанында Кетебай бидің есімі тағы алдымыздан шықты. Онда Әбліхайыр ханның немесі Темір сұлтан және Кетебай би бастаған 1500 жасақтың Дәуқара, Жаңадария бойында Бұхара мен Қоқаннан келе жатқан керуендерді тонағаны айтылған.

Кетебай би туралы соңғы жазба деректі (мүмкін бұл басқа Кетебай

да болуы мүмкін) Орынбор өлкесін 1906-1907 жылдары (табиғатын) зерттеген И.А.Кастанье «Древности киргизской степи и Оренбургского края» атты (1910 ж.) кітабында Кетебай би және оның мазары хақында мақала жазып, бидің ұрпақтарының Ақтөбе уезінде тұратынын айтып өткен.

Кейінгі уақыттары Кетебай мазары туралы біраз деректер жинақтап, зерттеу жасағанымда И.Кастанье жазған Кетебай мазары Бағаналы Кетебай Қуатұлы болып шықты. Дұрысы осы болар дер есептеймін. Ұлттық энциклопедияға орыс зерттеушілерінің еңбектеріне сүйеніп қате тұжырым жасағаныма оқырмандардан кешірім сұраймын.

Өтетілеу – Кетебайдың үлкен ұлы және әкесінің билік жолын ұстаған баласы. Өтетілеу Қарақалпақ, Бұхара, Қоқанд, Хиуда хандықтары арасындағы түрлі келісімдерге араласқан би. 1834 жылы Бұхараға сапар шеккен П.И.Демезон мен И.В.Виткович «Записки о бухарском ханстве» атты еңбектерінде (жазбаларында) Өтетілеу би туралы сөздер бар. Негізгі мазмұны: «...1824 жылға дейін хиуалықтар қазақтарды жыл сайын тонап отырды, бірақ арнайы алым түрі жоқ болатын. Кейіннен тонаушылық шектен шыға бастайды. Сол тұста шөмекейлер Хиуда ханына арнайы елші жіберіп, зекетті өздері апарып тұратын болып келісілген-ді. Бұл келісім 1832 жылға дейін созылады. Өтетілеу би 1832-1833 жылдарда Хиуда ханына жолығып, бұдан былай зекетті өздері келіп жинауын ұсынады. Осыны күтіп отырғандай Хиуда бектері Сырдария бойына еркін ене бастаған (86 бетте). Өтетілеу атында жер-су аттары бар. Өтетілеу шамамен 1789-1790 жылдары туып, 1860-1861 жылдары өмірден озған. Атақты Балқы Базар Төребай биге арнаған көңілқосында:

...Өтетілеу, Сарытай,
Мөңке, Қылыш би өтті.
Бес Бозғылдың баласын,
Наһандай өрге сүйреген, – деп Базекең тегін айтпаса керек.

Ел арасында Өтетілеу бидің қыстықуні Арқада қайтыс болып, кейіннен Сырға әкелініп, Ерсейтмембет әулиенің қасына жерленгені айтылады.

Пірәлі би Өтетілеуұлы

Билікке 1850-1860 жылдарда араласа бастағанын ескерсек, өмірге 1810-1812 жылдары келіп, 1879-1880 жылдары бақылышқа сапарға аттанған. Пірәлі би Жаңадария мен Қызылқұмда көшіп жүрген ауылдастарының 900 жылқы, 300 түйесін тартып алып кеткен

хиуалықтардың бегіне барып, тоналған малдардың қайтаруын талап етеді. Азұлы бидің ұтқыр да өткір сөздеріне тоқталған хиуалықтар, барымталған малдарын алдына салып беріпті.

Пірәлі мен Қожеке батырга қатысты ел арасында мынандай бір әңгіме бар. Хиуалықтармен болған бір ұрыста Мырзабайдың баласы Қожеке хиуалықтардың 7-8 адамын өлтіріп, алым-салық төлемей жібереді. Осыған кектенген Қожанияз бек бір жайлауда бөлек отырған Мырзабай қарияны әйелімен күштеп көшіртіп алдырады. Пірәлі би бұл оқиғаның соны қанды қырғынға, бұліншілікке ұласпауы үшін бекке барып тақымдасады. Әрі-бері тартыс сөзден кейін Пірәлінің артында Шөмекей елінің және батыр інісі Қожекенің тұрғанын ескерді ме, Бек Мырзабайды босатқан көрінеді. Жас Қожекенің сол ұрыстан кейін батырлығы елге жайылып, батыр атанған деседі.

Пірәли би хақында ел аузында айтылып жүрген әңгімелер көп-ақ, ол туралы жазылып қалған деректер де жоқ емес. 1857 жылдың 8 мамырындағы Рысмұхамед бидің қазақ даласында орын алған көтерілістер жайлы Орынбор шекаралық комиссияға берген мәліметінде негізінен Жанқожа батыр бастаған көтерілістің жайы тура-лы болған. Онда Жанқожа батыр Шөмекей руының биі Пірәліге өтініш жасап Бұхараға жібергені айттылған. Сондай-ақ, осы мәлімдемеде Пірәлі би Бұхара әмірінен оқ-дәрі, астық сұрап барғанын және оның Бұхарадан оралмағаны жазылған («Казахско-руssкие отношения в ХУІІ-ХІХ веках», Алматы, 1964, 424 бет). Осы кітаптың 458 бетінде, 1859 жылғы 17 қыркүйектегі Орынбор губерналық хатшысының Жанқожа Нұрмұхамедов басқарған көтеріліс жайлы жазбасында; 1856 жылдан Ж.Нұрмұхамедов Жаңадария бойында Заңғартөбе маңында өзінің жақындары 10 үй және сұltан Бөрі бастаған 20 шаңырағы тұратынын және олардың Шөмекейдің көрнекті биі Пірәліге хат жа-зып, кенеске қатысуын сұрағанын және 1858 жылы шөмекейлердің Қарасақал руының Дабыл биінің 500 жылқысын қайтару мәселесін шешуді ойластырғаны құжатта анық көрсетілген. Жалпы деректердің сарапап отырсақ көп нәрсеге көз жеткізесіз, 1860-1870 жылдарда осы атальқтан Қожекенің және Пірәлінің Алмас, Аман, Аманбай атты балаларының есімдері елге белгілі болады. Алмас пен Аман Жолай атальғынан шығып, билікке араласып, дау-жанжалды шешіп отырған. Оны ақын-жыраулар Балқы Базар, Дүр Онғар, Қарасақал Ерімбет толғаулары, Шегебайдың Алмас бидің баласы дүниеден озғанда арнаған көңілқосында:

...Билігіңіз Рысымбеттен бері қарай,

Тапжылмай жеті атаға келіп тұрған, – деп Алмас бидің Бекет аталығынан бері жеті атаға келгенін хабардар еткен.

Жолай-Кетебай, Өтетілеу, Пірәлі билер хақында Балқы Базар, Дүр Онғар, Шегебай Бектасұлы, Тұрмағамбет ақындардың жыр жинақтарымен қатар, Қазақстан ұлттық, Сыр елі энциклопедиялармен бірнеше жинақтарға енген.

Кетебай (би) бабамыздың бір баласы Таңат би болса, оның баласы Арғынбай батыр болған кісі. Арғынбай батыр жөнінде дастан жазған есімі шетелге белгілі жырау, ғалым, зерттеуші Алмас Алматов Арғынбай батыр дастанын жырлап келеді. Осы Арғынбайдан Төс туады, оның бір баласының аты Ақмырза. Қарақ өнірінде Ақмырза 1881 жылы туып, 1930 жылы Қызыл әскердің қолынан қаза тапқан. Ол 11 жасында Бұхарадағы «Көкелташ медресесінде оқып, елге келіп, молдалықпен айналысады. 1928-1929 жылдардағы ірі байларды тәркілеу, мешіттерді жабуға қарсы шығып 1930 жылы Қарақ тауында Кеңес әскерлерімен ұрыста қаза болған. Ұрпақтарының біразы атылып, бірсынырасы Ауғанға қашқан. Кезінде «Түрік иман» атты діни кітап та жазған кісі. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан бері Ақмырза ахунның ағайын-туыстары мен ұрпақтары Қазақстанға оралуда.

Жалпы Жолай-Кетебай және оның ұрпақтарының билік шешімдері, ел басқару ісінде өзгелерден оқ бойы озық болғанға ұқсайды.

Дүр Онғар ақын: ...Тұр еken тойханада іс басқарып,

Тұбекбай, Аман, Алмас батыр досым, – деп жырлаған. Пірәлінің үлкені Алмас, Аман органшы ұл еken. 1896 жылы болыс Алмас Пірәлиев екі аты мен өгізін ұрлаған Зарқұм Куанышовты (бұл ұрылардың бастығы әрі би болған кісі) ауылына кіргізбей жіберіпті. Мұның өзі қарулы топтың басшысынан Алмас бидің қаймықпағанын, оның әділдікті сүйетінінен хабардар етеді. (бұл дерек Қазақстан мемлекеттің мұрағатының 213 қорында сақталған).

Кетебай және оның ұрпақтарында аумалы-төкпелі жылдарда көптеген құнды дүниелер жоғалып, немесе қолды болыпты. Дегенмен Кетебай бидің 1798-1800 жылдары жасалған жеке мөрі, оның баласы Өтетілеудің 1830-1839 жылдардағы және Пірәли бидің 1857-1860 жылдарда жасатқан жеке мөрлерінің түп нұсқасы Аман ұрпағының қолында сақталған. Жақында Аман бидің ұрпағының бір ғана емес, бірегейі болып табылатын Ақылбек Шәрібекұлы Мәртсадықов ҚР Орталық Мемлекеттік музейіне әuletten қалған асыл мұраларды тапсырды.

«Түркістан» газеті 25 желтоқсан, 2008 ж.

Молдашер Жамұратұлы

Оқымысты-ғұлама, атақты палуан Жолай батырдың шөбересі. Бойы орта белдемше келген Молдашердің (1825-1904 ж.) жауырыны жерге тимеген балуан болған. Жасы үлкейгенде түйеге мініп жүрген. Бұхараның базарында салмағын өлшегендеге 11 пүттан асқан. Өз заманында сауатты кісілердің бірі атанған. Сауда керуеніне ілесіп барып, Бұхарадағы Көкілташ медресесіне түскен. Медресені үздік тәмамдаған соң тағы екі жыл жоғары білім алып, ахун атанған.

Өзінің азан шақырып қойған аты Көтібар. Оқып жүргендегүрескенін жыға берген соң медресенің бас муфтиі оған «Өзі молда, өзі арыстандай арпалысып ешкімге дес бермейді. Бұдан былай Молдашері аталсын» деп шешім шығарған. Қазалы, Қармақшы өңірлерінде арабша, парсыша сауат аштын мектептерде ұстаздық жасаған.

Бірде Молдашер керуенде бастап Бұхара қаласының базарына апарған малдарын өткізіп, астық, мата, қант-шай артып елге қайтпақшы болады. Сол кезде қала әкімі керуенниң жүгіне қызығып, Молдашерге: «Егер менің балуанымды жықсаң заттарың өзіңе аманат, жығылсан бізге тастан кетесің» деп шарт қояды. Молдашердің келіспеске амалы болмай күреске шығып, өзбектің түйе балуанын алып үрғанда, оның жіліншегі сынады. Қала әкімі амал жоқ сөзінде тұрған сыңай көрсетеді. Осыдан секем алып, дағдарып тұрған Молдашерге сол қалада жалданып жұмыс істеп жүрген қазақ жігіті көмектесіп, шаһардың басқа беттегі қақпасынан жасырын алып шығады.

Молдашер Сыр өніріне белгілі Жанайұлы Үбіспен дос болған. Қай жерге қоныс тепсе де, сол ауылда мектеп ұйымдастырып, балалардың сауатын ашуға қамқор болған.

XIX ғасырдың ортасында Ресей отаршыларының қыспағына шыдамай, өз елімен бірге Қызылқұмға қоныс аударған. Қызылқұмда өз қаражатына (барлығы 4 құдық) қаздырған. Өзбекстан Республикасының бүгінгі карталарында ол құдықтардың атаулары сакталған.

Бұгінгі күндері Өзбекстан, Қарақалпақстан және Қазақстандағы Кетебай бидің ұрпақтары бабаларының туғанына 265-270 жыл толғанына орай қауымдастырып, үлкен ас бермекші. Мен де өз тарапымнан елдің елдігін жасамақ азаматтардың осы істеріне сәттілік тілеймін.

Әкелі-балалы билер

Өз қатарынан асып туған әкелі-балалы Байжан және Сартай билердің есімдері 300 жылдан бері ұмытылған емес. Қандай бір са-

яси кезеңдерде бұл билердің халқына жасаған қызметі, елдің елдігін сақтауға белсene араласқан игілікті істері халық жадынан шықпаған.

Байжан би Қосқұлақұлы мен Байжанұлы Сартайдың есімі XVI-XIX ғасырларда қазақ даласына жайылған Ресейдің әскери қызметші – зерттеушілері мен шығыстанушы-ғалымдарының, Ресейге келіп қазақ жерін аралаған шетелдік саяхатшылардың, Ресей елшісі М.Тевкелевтің күнделіктегі мен жазбаларында жиі ұшырасады. Эрине, ол жазбалардан ірі тұлғалардың бүкіл қызметі мен қоғамдағы орны тұастай көрінбegenімен олардың өмір сүрген уақыты, шыққан тегі және басқа да оқиғаларды білуімізге септігі тиері сөзсіз.

Әлімнің Жақайым руының Ақбұрасынан Асан батыр туады. Оның баласының аты да Асан. Сол кіші Асаннан – Дәulet, Қосқұлақ туған. Қосқұлақтан – Алтынбай, Байжан өсіп-өнеді. Арғы-бергі бабалардан жеткен шежіре сілемі осылай.

Байжан бидің есімі бізге алғаш рет орыс-қазақ қатынастарында, 6 наурыз 1732 жылғы дерегінде кездесті. Сосын М.Тевкелев өз күнделігінде өзін жақтырмайтын бірнеше старшиналардың атын айта келіп, солардың қатарында Байжан би мен Сартайды да атайды.

Бір атаның буынын орта есеппен 27-29 жас деп есептесек, сонда Байжан би Қосқұлақұлы шамамен 1689-1691 жылы туып, 1756-1757 жылдары қайтыс болады. Ал баласы Сартай батыр шамамен 1717-1718 жылдары өмірге келіп, 1817-1818 жылдарда өмірден озған.

Кейде би, кейде батыр деп те аталып жүрген Сартайдың өмір жолы да қым-қигаш. Аңыз-әңгімелер және ақын Нұрмағамбет Қосжанұлының (1897-1937) «Сартай батыр» атты («Мың бала») дастаны ел ішіне кезінде кең таралғанымен, 1930 жылдағы көтерілістер, 1932-33 жылдардағы ашаршылық, қудалау оған қосылған 1937-1938 жылдардың зобалаңы салдарынан қолжазбаны сақтаудың мүмкіндігі болмапты. Алайда, көзі қарақты қариялар дастанды жаттап алыш, ел ішінде ағайын-туыстар ортасында айтып жүрген. Кейіннен бұл дастанды білетіндер азайып, дастан ұмытылуға айналған шақта үзілгенді жалғаған белгілі журналист Өмірзақ Жолымбетов 1998 жылы «Сартай батыр» дастанын өз оқырмандарымен қауыштырды.

Ақын Нұрмағамбет аталған дастанында:

–...Сартай өтті би болып,

Қалдырып елге дабысын, – деп жырлайды.

Дастанда сондай-ақ Сартайдың 15 жасында мың баланы ертіп Әбліхайыр ханның қосынына барғаны айтылған.

–...Ізіңе ерген мың бала,

Аға болсаң бүгінде

Пана болсаң түбінде,
Отырғызбас тақырға, – дей келе дастан авторы одан қарай Сартайдыбылайша суреттейді.
–...Сартай бала ашулы,
Тастай түйіп қабағын.
Тіреді жерге табанын,
Оқ кеткенде кірістен,
Ентігіп қақты танауын.
Тепкіден шыққан сұр жебе
Бойлап еніп жартылай,
Жер-астын етті тамамы.

Нұрмағанбет Қосжанұлының аталған дастанынан оқиғаның жоңғар-ойраттарға қарсы қазақ қосындарының ұрысы, сол соғысқа мың баланы бастап барған Сартайдың аға батырлардай қомданып, жаудың әскерін женудегі ерлік ісі ғана дастанға арқау болған. Мың бала қатысқан ұрыс болған өңір «Мың бала» деп аталатын көрінеді.

Аңыз ізімен жазылған дастан Сартай туралы осылайша жырланса, біз енді мұрағат құжаттарымен сирек кездесетін кітаптардағы Сартай туралы деректерді сөйлетіп көрелік.

Сартай Байжанұлы хақындағы алғашқы деректер 1732, 1736 жылдарды қамтиды. Бұдан біз С.Байжанұлының ел билігіне араласуының басы болғанын аңғарамыз. Екінші бір құжатта, нақтыласақ, 1785 жылдың 21 шілдесінде 50-ден астам Кіші жүз билерінің II Екатеринаға Нұралы ханды тақтан түсіру жөніндегі өтінішке қол қойғандар базында Сартай бидің есімі тұр. Бұл хатты бекіткендер Кіші жүзге пір атанған Әбдіжәлел Қосымқожаұлы мен Сырым батыр. Мұнан кейінгі 1786, 1787 жылдарда орыс-қазақ қатынастары туралы жазылған қатынас құжаттарында осы жылғы ант беру қағазына басқа билермен қатар Шекті руының 10 000 үйі үшін Сартай бидің және Нұrbай бидің 8000 үй үшін ант бергені жазылған.

1786-1787 жылдары түркиялық азаматтар Кіші жүздің билері мен батырларына: «Батырлар мен билерге және ел ақсақалдары Сарытай биге, Сырым батырға, Шукірәлі биге, Садырбек, Барак, Жан батырларға Алла қолдасын, бейбітшілік болсын. Сіздер де біздер де мұсылманбыз, сіздер тарапынан көмек керек» деген мағынада хат жазған. Осындағы Сарытай биі біз әңгімелеп отырған Сартай би деп есептейміз. Үшінші бір құжатта барон Игельстром өзінің патшайым II Екатеринаға жазған мәлімдемесінде: «...басқаларға қарағанда бұларға өздері артықшылдық халде боларлықтай қызмет жүктеу қажет» деп өз ойын білдірген. 1787-1789 жылдар аралығында сайланған тексе-